

Бекітемін: *Асақ*
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай- бақшасының
әдіскері А.Ә.Жақсылықова

«Көңілді қыс»

(кіші «Алпамыс» тобының ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті)



Тәрбиеші: Байбақова.Ж.

Таушық ауылы, 17.12.2024

Бөлімі: Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет.

Білім беру саласы: «Қатынас», «Шығармашылық», «Денсаулық», «Әлеумет»
«Таным»

Тақырыбы: «Көңілді қыс».

Мақсаты: Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Өзіне тән ерекшеліктерін ажырата білуге, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. Қысқы ойындарға қажетті құралдарды атау. Табиғатты аялауға, әсемдікті сезініп, көре білуге тәрбиелеу. Балалардың сөздік қорын дамыту. Ойлау қабілетін арттыру. Ертегі кейіпкерлерінің тапсырмаларын орындай отырып баланың шығармашылығын арттыру. Ептілікке, зейінді, ойлауын дамыту.

Көрнекіліктер: Мазмұнды суреттер, ойынға қажетті құралдар. Шығармашылық алаңында дидактикалық ойындар көрнекілігі. Орман бейнесі. Маша мен Аю кейіпкерлері.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, қорытынды.

Щаттық шеңбер:

«Сәлем, сәлем» әні.

Балалар щаттық шеңберіне тұрады.

- Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекетіміз қызықты болмақ, бүгін бізге қонақтар келді. Қонақтармен амандасып жіберейік (балалар, қонақтармен амандасады).

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс мезгілінде неше ай бар?

- Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады?

- Қыс ерекшеліктерін білесіңдерме?

- Қысқы тіршілікте қандай өзгерістер болады?

(балалардың түрлі жауаптары)

-Балалар мен сендерге өлең жолдарын оқып бергім келіп тұр. Қанекей назар салып тыңдайық.

Далада қар борайды,

Ақ мамыққа орайды,

Мұз болады, қатады.

Жып жылтыр болып жатады.

Балалар бұл өлең жолдарында жылдың қай мезгілі бейнеленген?

-Қыс мезгілі.

-Жарайсыңдар, Қарлы боранымен, сықырлаған аязымен қыс мезгілі аяқталып қалды. Бірақ біз қыстан қорықпаймыз денемізді шыңдаймыз, жылы киінеміз.Сырғанап ойнап, аққала жасаймыз.

Балалар мына суреттерге назарымызды аударайық.

Суретпен жұмыс. Әңгіме құрастыру.



Балалар суреттерді әңгімелейді. Олардың іс-әрекетін айтады. Қысқы хайуанаттар тіршілігі туралы әңгімелейді. Үлкендерге қамқорлық жасау түрлерін және отбасы мүшелерімен бірлескен ойындар туралы әңгімелейді.

Тосын сый: Маша келді.

Маша: Салеметсіздерме балалар. Бұл қай жер, мен қайдамын?

Тәрбиеші: Салеметсізбе Маша. Саған не болды?

Маша: Мен ормандағы Аю досыма бара жатқанда борандатып жел соғып, қалың қар жолымды жауып, шымырлатып аяз қысты. Маған Аюға барар жолымды көрсетіп жібересіздер ме? Жолда қоян, қасқыр, тиын, торай сынды достарым бар еді. Оларға соғып жылынып алам ба деп ем орманға барар жолдан адасып кеттім. Көмектесіңіздерші балалар (жылайды)

Тәрбиеші: Жылама Маша, біз саған көмектесеміз. Солайма балалар?

Балалар: Әрине көмектесеміз.

Маша мен балалар көңілді әуен үнімен орманға қарай бет алады. Жолда Маша достарына соғып тапсырмаларын балалармен бірге орындайды.

Маша: Менде өзімнің достарымның тапсырмалар бар еді?

Тәрбиеші: Ендеше осы тапсырмаларды орындасақ орманға тез жетерміз.

Қоянның тапсырмасы.

Дидактикалық ойын: « Көлеңкесін тап». Қыстық киімдердің көлеңкесін табу.

Торайдың тапсырмасы. Жапсыру. «Аққала»

Сегіту сәті.

Қорбаңдаған аюдың,
Құлпынайы көп екен.
Теріп-теріп алайық,
Қалтамызға салайық.

Тиіннің тапсырмасы. «Ағашты қармен сәндеу».

Жолбарыстың тапсырмасы. «Тыныс алу жаттығуы».

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар. Біз орманға да келіп жеттік. Балалар, Маша аю қыста ұйықтайды ғой. Ол сенің келетініңді білмейтін сияқты. Балалар аюды әсем әнмен оятып Машаның қонаққа келгенін айтайық. Аю Маша досын көріп қуанып қалатын болар.

Ән «Аю, аю тұршы».

Аю ұйқысынан оянып Машаны көріп қуанады. Балалар да аюды көргендеріне қуанышты. Машаны досымен кездестіріп балалар бақшаға оралады.

Әсем әуен үнімен балалар орталыққа келіп ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін тәрбиешінің сұрақтарына жауап беру арқылы қорытындылайды.